

- 7 Sabyr M. Fono-morfo-semanticeskaya preemstvennost' drevnekipchakskogo yazyka i kazahskogo yazyka. – Almaty: izd.«Liber», 2021. – 464 b.
- 8 Açar M. E. Baytaratı'l-vazih. – İstanbul: Marmara Üniversitesi, 1986, – 400
- 9 Öztöpcü K. Kısa Memlük Kıpçakçası Grameri" [A Short Mamluk-Kipchak Grammar] in Türk Dilleri Araştırmaları 17 (2007), 249-282. (Festschrift in Honor of Andras J. E. Bodrogligeti) Ed. Kurtuluş Öztöpcü.
- 10 Drevnetyurkskiy slovar'. – Astana: izd.«Fylym», 2016. – 760 s.
- 11 Mahmyt Qashqari. Slovar' tyurksih yazykov: (Divani lugat-at-tyurk). 3 tomnyj sbornik proizvedenij. – Almaty: HANT 1 Tom. – 590 b.
- 12 Slovar' kazahskogo yazyka. – Almaty: «Drajk-Pres», 1999. – 776 b.
- 13 Özgür C. Baytaratı'l-Vâzih'in Kıpçak ve Türkmençe Yazmalarına Göre Kıpçakçanın Oıuzcalaşması: Türkmençeleşmesi üzerine Bir Dil Araştırması. – İstanbul Üniversitesi, Sosyal Bilimler Enstitüsü, Basılmamış Doktora Tezi, 1994. – 111 6.
- 14 Serkebayeva G., Boranbaev S. Binary oppositions as a method of conceptualization: A case of codex cumanicus //International Journal of Society, Culture & Language. – 2023. – T. 11. – №. 3. – S. 159-170.
- 15 Molgazhdarov K.K., Ziadauly B. (2023) The Origin And Meaning Of Old Turkic Words, Vestnik Kokshetauskogo Universiteta im. SH.Ualihanova. Seriya filologicheskaya № 4 (2023), Kokshetau, Qazaqstan. DOI: <https://doi.org/10.59102/Kufil/2023/Iss4pp28-38>

Received: 11.06..2025

FTAMP 16.21.43

DOI: [10.59102/kufil/2025/iss3pp34-45](https://doi.org/10.59102/kufil/2025/iss3pp34-45)

Б.Е. Боранбай¹, Н.Х. Ахтаева², И.Б. Байсыдық³, Б. Молдағали³

¹Қорқыт ата университеті, Қызылорда, 120014, Қазақстан Республикасы

²Марғұлан университеті, Павлодар, 140012, Қазақстан Республикасы

³Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университет, Алматы, 050010, Қазақстан Республикасы

СИНТАКСИСТІҢ ҒЫЛЫМИ ӘЛЕУЕТІ: САБАҚТАСТЫҚ ПЕН ҚАЗІРГІ БАҒЫТ (ОРАМДЫ СӨЙЛЕМ НЕГІЗДЕМЕСІМЕН)

Мақала қазіргі қазақ тіліндегі күрделі құрылымды сөйлемнің теориялық аспектісін жинақтайды. Мақсат – ғылыми пікір-пайымдауларға сүйене келіп, осы бағытта оң және соны көзқарас қалыптастыру. Зерттеу методологиясы да әлемдік және отандық ғылыми тұжырымдарға сүйеніледі. Мақала нәтижесінде орамды сөйлемнің негізгі түрлері туралы қағидат қалыптасады. Бұл тақырып қазақ тіліндегі синтаксистік парадигманың құзіретін тереңдетеді. Жеке сыңарлар байланысындағы ұсынымдар, мағыналық топтастырудағы жаңа көзқарас пен құрамдық-құрылымдық белгілерді сараптау өлшемдері негізделеді. Талдау-жинақтау барысында алынған нәтижелер қазіргі танымдағы күрделі құрылымды сөйлемдерге практикалық тұрғыдан басқаша қарауға әкеледі.

Зерттеудің әдіснамасы ретінде талдау, жинақтау және салыстырмалы сипаттау тәсілдері қолданылды. Нәтижесінде орамды сөйлемдердің негізгі типтері айқындалып, олардың мағыналық топтастырылуы мен ішкі құрылымдық белгілері негізделеді. Сонымен қатар аралас сөйлемдердің ерекшелігі мен мәтін деңгейіндегі синтаксистік байланыстар жүйесі жаңа қырынан зерделенді.

Зерттеу қорытындылары синтаксистік парадигма аясында күрделі құрылымды сөйлемдерге тың көзқарас қалыптастырады. Жұмыстың құндылығы – қазақ тіліндегі

синтаксистік теорияның дамуына үлес қосуы және сөйлем жүйесін жаңаша тануға мүмкіндік беруінде. Практикалық тұрғыда бұл еңбектің нәтижелері жоғары білім беру жүйесінде синтаксис мәселелерін оқытуда, сондай-ақ мәтін лингвистикасында қолдануға болады.

Кілт сөздер: аралас сөйлем, орамды сөйлем, мәтін, синтаксистік байланыс, синтаксистік қатынас, сөйлем мағынасы.

НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

Қазіргі таңда қазақ тіл білімі, оның ішінде құрылымдық грамматика барынша талдауға түсті деп есептеледі. Әрине, мұның негізі А.Байтұрсынұлының саралауларында жатыр. Қ.Жұбанов, С.Аманжолов, Н.Сауранбаев, М.Балақаев еңбектері синтаксис ілімін барынша жетілдіруге ұйтқы болды. Сонымен қатар ел тәуелсіздігінің алғашқы он жылдығында қазақ тілінің синтаксисіне қатысты ғылыми көзқарас қалыптастырған жаңа буын өкілдері де пісіп жетілді (Б.Сағындықұлы). Онан бері отыз жылдан аса уақыт өткенін ескерсек, олардың тырнақалды еңбектеріне үңілудің де қажеттігі туындайды.

Екінші жағынан, әлемдік деңгейдегі тіл білімін қайтадан салыстыра қарастыру көп мәселенің мәнді тұстарын ашады. Өткен ғасырдың алғашқы жиырма-жиырма бес жылында орыс тіл білімі синтаксисінің өрісін М.Н.Петерсон, А.М.Пешковский, А.А.Шахматов еңбектері кеңітті. Бұл еңбектердегі тұжырымдар мен А.Байтұрсынұлының «Тіл – құралындағы» пайымдаулардың өзегі қатар тұрғандай әсер қалдырады, әрі олардың жарияланым уақыты да шамалас. Демек, бұлар өз тілдерінің ғылыми әлеуетін қалыптастырды. М.Н.Петерсон ілімі тіркесімділік теориясына қанықтырды, А.А.Шахматов еңбегі жай сөйлемнің таразылауынан мол хабар жеткізді. Ал А.М.Пешковский еңбегінің бүгінгі тақырыпқа қатысты тұсында, нақтырақ айтқанда сыйысулы құрмалас боларлық бірліктерге, «Біріккен сөйлемдерді қарапайым сөйлемдерден жалғаулықтар ғана ажыратпайды, олар сонымен бірге дауыс сазының ритмі арқылы да ерекшеленеді» деген өлшемді тұрақтандырды [1, 443]. Біздің байқауымызда, Еуропа тіл білімінің синтаксисі Е.А.Реферовская (француз), В.Г.Адмони (неміс) сынды ғалымдарының еңбектері арқылы дамыды. Олардың мақала тақырыбына тікелей қатысты тұжырымдары да молынан ұшырасады. Мәселен, А.Байтұрсынұлының *іргелес құрмалас* деп атаған сөйлем түріне сәйкестенерлік құрылымды сөйлемдер жалғастығы (присоединение предложений) деп атаған Е.А.Реферовская пікірінде «Бұл сөйлемдер алдыңғы фразаның аяқталуынан кейін жалғанады. Бірақ ондағы тұжырымдалған фактілер алдыңғы сөйлем мазмұнына логикалық тұрғыдан байланыста құрылады» деген ғылыми пайым орныққан [2, 211].

Сонымен қатар қазіргі әлемдік тілдердің синтаксистік құрылысындағы өзгерістер, сол өзгерістерге қатысты жаңа ғылыми тұжырымдардың туындап отырғаны да ақиқат. Қазіргі ағылшын тіліндегі сөйлемдер құрылысына назар аударсақ, мақала тақырыбына ортақ орамды сөйлемнің негізі түрі болатын аралас құрмаластың орыс тіл біліміндегідей атаумен кездесетінін байқадық: **полипредикативные предложения, основанные на сочетании паратаксиса и гипотаксиса** // Polypredicative sentences based on a combination of parataxis and hypotaxis. Тіпті, мұндай сөйлемдер «тіл өндірісінде көрсетілетін грамматикалық ресурстардың ауқымы мен күрделілігі» ретінде анықталып жүр. «Осылайша, синтаксистік күрделілік әртүрлілік, әртүрлілік және лингвистикалық пысықтау дәрежесі сияқты байланысты ұғымдарды қамтиды. Сондықтан синтаксистік күрделіліктің формальдылықпен оң байланыста болуы таңқаларлық емес, өйткені формальды, академиялық мәтіндер мұқият және әртүрлі тілмен сипатталады» [3, 14]. Бұл герман тілдерінің, оның ішінде ағылшын тілінің құрылымындағы сөйлемнің типі және көп конструкциялы құрылымы бар сөйлем түрі. Жоғарыда келтірілген тұжырымдардың дені жеке тіл білімінің, тақырыпқа жақындата айтсақ, қазақ тіл білімінің, өзегіндегі мәселелерді өзара шоғырландырып, топтастырудың да уақыты келгенін анықтайды.

КІРІСПЕ

Қазақ тіліндегі сөйлем мәселесі барынша шешілгенімен, синтаксистің жоғары деңгейін танытатын тақырыптар өз статусын алған жоқ. Біртұтас күрделі құрылымға ие саналатын бірсыпыра сөйлем түрлері 2002 жылы жарияланым көрген «Қазақ грамматикасының» өзінде құрмалас сөйлем деңгейінде танытылады. Ал ондай бірліктердің алғашқы «Тіл – құралда» орамды сөйлем атауымен жеткізілгені тағы да назардан тыс қалып келеді. Қазіргі зерделенулер осы бағыттың түйткілді мәселелерін шешуі қажет. Бұл мақсат 1940-70 жылдар аралығында көп сыңарлы салалас, көп бағыныңқылы сабақтас, аралас құрмалас болып танылған сөйлем түрлерін бір бағытта жинақтау міндетін қояды. Аталған сөйлем түрлерін бір мақаламен тиянақтау мүмкін емес. Сондықтан тек аралас сөйлем мәселесіне тиесілі тұжырымдар басты нысанға алынады.

Қазіргі таңда жоғары мектеп бағдарламасы бойынша оқытылып келе жатқан грамматика құрмалас сөйлем нысанына алынған құрмалас түрлерінің ешқайсысына тән емес құрылымдар кездесетінін көрсетті. Және олар халық ақындары шығармашылығында болсын, тілі жалпы қазаққа жағымды көркем шығармаларда болсын жиі пайдаланылады. Ал ғылыми-практикалық тұрғы мұның да тарихи себебін ашуға итермелейді. Мәселен, С.Аманжолов ұстанымында болған үлестес сабақтас құрмалас түрін профессор Қ.М.Есеновтің жаңғыртқаны кеше ғана. Сол сияқты қазақ тіліндегі орамды сөйлем тақырыбы алғаш рет ұлт ұстазының оқу құралынан орын алып [4], кейіннен арнайы мақалаға арқау болды [5]. Мұндай синтаксистік жүйе жайы монографиялық көлемде де зерделенді [6]. Аталған зерттеулер тақырыпты толығымен тиянақтап тастамас, бірақ грамматикалық танымның еуроцентристік сипаттағы ұстанымына қарсы ой-пікірлердің тууына әкеледі.

МАТЕРИАЛДАР МЕН ТӘСІЛДЕР

Тақырыпты жан-жақты сипаттау қазақ тіл білімінің қай саласына, ол саланың қай деңгейіне әсерін тигізеді деген сұрақты туындатады. Қазіргі қазақ тіл білімі синтаксис саласының жоғары деңгейін мәтін синтаксисі деп таниды. Мәтін саласы күрделі синтаксистік бірлік арқылы көрініс тапты. Бұл дұрыс та, бірақ оның құрамында орамды және өрнекті сөйлемдік құрылым болатыны айқындалған жоқ. Сондықтан мақалада мәтін синтаксисінің негізгі құрылымы қатарын орамды сөйлем түрлері толықтырады. Ал орамды сөйлем өз ішінде көп сыңарлы құрмалас сөйлем деп танылған бірліктерді қамтиды.

Екінші бір сұрақ, тақырыптың зерттелу сипатына байланысты болса керек. Орамды сөйлем түрлері боларлық бірліктердің негізі 1940 жылдары айтыла бастап, 1960 жылдардың ішінде әбден орнықты деген түсінік қалыптасқан. Шынтуайтқа келгенде, орамды сөйлем алғаш рет 1920 жылдың ішінде анықталды, ал оның түбегейлі зерттелуден өтуі 1990 жылдардың аяғымен сәйкеседі. Сол сияқты тақырыпқа арқау болған аралас сөйлемнің ғылыми негізі 1997 жылы қаланды. Бірақ ол уақытта оның жеке сөйлем ретіндегі сипаты алдыңғы орынға шықты. Ал оның орамды сөйлемнің негізгі түрі екендігі енді-енді шешіле бастады.

Мақала барысында аталған сұрақтарға қатысты мынадай ғылыми болжамның іске асуы көзделеді: а) мәтін синтаксисі орамды және өрнекті сөйлем атты бірліктермен толығымен; б) орамды сөйлем түрінің негізгі түрлері анықталады; с) орамды сөйлем түрлерінің терминдену үрдісіне жаңаша көзқарас қалыптасады. Бұлардың барлығы ғылыми сабақтастыққа бағынып, теориялық қағидаттардың сүйемелдеуімен іске асады. Ғылыми тиянақты ой түю үшін а) деректік материал жинауда жаппай іріктеу әдісі; б) тілдік бірліктердің мән-мағынасын ашуда кешенді немесе компоненттік талдау әдісі; с) тілдік құбылыстарды бақылаудан тұратын сипаттамалы-аналитикалық әдіс; д) алынған нәтижелерді интерпретациялау мен қажет мәліметтерді саралау әдістері жүргізілді.

НӘТИЖЕЛЕР

Сөз зергері Ғ.Мүсіреповтің «Ана тілі ғасырлар бойында жасала да береді, жасара да береді. Тіл диалектикасы жасаған сайын жасара беруінде. Ана тілі дегеніміз – сол тілді жасаған, жасап келе жатқан халықтың мәңгілігінің мәңгілігі» дегені бүгінгі күні де қайта үңілуді қалайды. Бұл тәмсілдің тіл білімінің грамматика саласына да қатысы бар. Әсіресе синтаксистегі сала саралануының жөн-жосығы бөлек. Ұлт ұстазы А.Байтұрсынұлы сөйлемнің құрылыстық түрлерін жай сөйлем, құрмалас сөйлем, орамды сөйлем және өрнекті сөйлем атты бөліктерге жинақтайды. Бұған қазіргі таным көзқарасымен қарасақ, «Ғалым тарқатуындағы орамды және өрнекті сөйлемдер тіл білімінің мәтін синтаксисін толық қанағаттандырады. Демек, мәтін синтаксисі де сөйлем синтаксисі сияқты екіге топтастырылады. Алғашқысы *орамды сөйлемдер* деп аталады да, қазақ тіл білімі үшін *көп құрамды құрмалас сөйлемдер* болып таныстырылып келген құрылымдарды қарастырады. Себебі мұндай құрылымдар құрмалас сөйлем деп аталатын тараудан өзгешеленіп тұратыны анықталды. Екіншісі *өрнекті сөйлемдер* деп аталып, жеке сөйлемдік бірліктердің байланысынан туындаған, әрі жай сөйлем мен құрмалас сөйлем шеңберіне сыймайтын сөйлемдер шоғырын жинақтайды» деген ғалым Б.Сағындықұлының топшылауын аламыз [5, 575]. Десе де орамды сөйлемнің жеке сөйлем бірлігі ретіндегі құзіреті академиялық грамматика есебіндегі (1954, 1967, 2002) еңбектерде кездеспейді. Тіпті, 1998 жылы жарияланған «Қазақ тілі» энциклопедиясына да енген.

Екіншіден, орамды сөйлем жеке бірліктің атауы ретінде терминдік сипат алуға сұранып тұр. Ал оның ішкі құрылымдық түрлері болып саналатын *көп құрамды құрмалас сөйлем* атты терминге *құрмалас* сөзін қосақтау оларды басқа сөйлем құзырына тартады. Сондықтан ендігі кезекте көп сыңарлы салалас құрмалас сөйлем емес, көп сыңарлы салалас сөйлем; көп бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем емес, көп бағыныңқылы сабақтас сөйлем; аралас құрмалас сөйлем емес, аралас сөйлем сипатты болып терминденгені дұрыс. Осы жағдайда олардың орамды сөйлем атты бірлік нысаны ретінде тұрақталатыны анықталады.

ТАЛҚЫЛАУ

Сонымен, «Сөйлегенде ойды тақ-тұқ қысқа айтып, білдіретін орын да болады. Ойды ұзын айтып, орағытып келіп білдіретін орын да болады. Ұзын айтқанда ой дәуірлеген бетімен барып, қайтатын түрі болады. Сөйлеудің сондай түрлері орамды деліп аталады» [4, 340]. Мұндай сөйлемнің ерекше бір түрі – аралас сөйлем. Жалпы, бұл терминнің *құрмалас* сөзінсіз қолданылымы қазақ тіл білімінде болды. Н.Сауранбаевтың жеткізуінде аралас сөйлем дегеніміз – «алғашқы сыңарлар тиянақсыз тұлғаға аяқталса да, мағынасы тиянақты» сөйлем түрі. Ғалым ережесіне сәйкес сөйлемдік мысалдар екі сыңарлы және үш сыңарлы құрылымда 1938 жылдары мектеп оқулықтарының ішіне енді. Сонымен қатар жоғары мектептің алғашқы оқулығы аралас құрмалас сөйлемді таныды.

Мәселе тек термин телумен ғана аяқталып қалған жоқ. Аралас сөйлем құрмаластың түрі емес сынды пікірлер о баста да, кейінгі оқулықтарда да кездесті. Мақала авторының бірі Б.Боранбай тұжырымдарында С.Жиенбаевтың аралас туралы ойлары қайталап берілді. Оған сүйенсек, С.Жиенбаев: «Жай сөйлем мен салалас я сабақтас сөйлем, я болмаса құрмалас сөйлем екеу-үшеуі қабат келсе, аралас құрмалас сөйлем деп аталып жүр. Төл сөзі бар сөйлемдер де аралас құрмаласқа жатады. Аралас құрмалас сөйлемнің өз алдына басқа бір заңдары жоқ. Сондықтан синтаксисте ондай аралас келген сөйлем түрлерін бөлекше категория деп есептемеуге болады» - деген екен [7, 68]. Мұндай көзқарас қазақ тіл білімінде 1995 жылы да орын алыпты. Қарастырылған еңбекте Қ.Есенов сөзін тілге тиек еткенбіз: «...дұрысында жапсалу жолы жағынан келгенде, аралас құрмалас сөйлемдер құрмаластың ерекше бір түрі деп саналмайды. Өйткені мұнда оның өзіне тән амал-тәсілдері болмайды, тек бұрыннан белгілі сабақтаса, салаласа байланысу амалдарының қабаттаса келуіне ие болып отырады» [7, 70]. Мұндай қайшы пікірлер аталмыш тақырыптың арнайы зерттелуіне жетелеп, 1997 жылы

«Қазіргі қазақ тіліндегі аралас құрмалас сөйлемдер» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғалды. Кейіннен бұл диссертация монографиялық еңбекке айналды.

Осы еңбектерге сүйенсек, ең алдымен, синтаксистік заңдылық түрлері айқындалуы қажет. Оның алғашқысы – синтаксистік байланыс. Қандайда бір синтаксистік бірліктер «Жеке дара тұрғанда ешқандай қызымет атқара алмайды, олардың «жандануы» бір-бірімен иек артып қатынас жасауында. Мұндай қатынасы, басқаша айтқанда категорияны, синтаксистік байланыс деп атаған дұрыс» деген ғалым тұжырымы кейіннен «Қазақ тілі» энциклопедиясына жеке сөйлем типіне тән аралас байланыс ретінде орнықты. Синтаксистің барлық саласына тән синтаксистік қатынастың предикаттылық және предикаттылық емес сипаттары да қажет. Автор сөзімен айтсақ, мұндағы түйін «...синтаксистік тармақтардың ішкі бөлшектеріне өлшем бола алатын ең негізгі заңдылықтар ретінде *синтаксистік байланыс пен синтаксистік қатынас* саналады. Олар әр бөліктің одан ары даму үрдісін бағалайды» [8, 12].

Ғалым Б.Сағындықұлы құрмалас сөйлемдер жігінде келетін интонацияның ұласпалы деп аталатынын және оның жай сөйлем мен құрмалас сөйлем түрлерін ажыратудың емес, қайта құрмалас сөйлем түрлерін айқындаудың амалы екендігін ерекше атап көрсетуінің мәні зор деп білеміз. Тағы да өткенге көз жіберсек, С.Жиенбаевтың құрмаластың бір түрін *нақтылы және үйірлі мүшелі сабақтас* деп екіге бөлуінің мәні, біздіңше, құрмаласқан жай сөйлемдердің интонациялық жігінің көрінуіне байланысты. Б.Сағындықұлының аралас сөйлем компоненттерінің орын тәртібіне қатысты 1) тиянақты-тиянақсыз-тиянақты түзілім және 2) тиянақсыз-тиянақты-тиянақты түзілім деп қорытындылауы көптеген ізденістің нәтижесі деп түсіну керек. Себебі ғалым ақтарған еңбектер саны 200 (екі) жүзден асады, нақтырағы – 210 (екі жүз он) еңбек.

1974 жылғы Қ.Мамытбековтің салалас құрмалас сөйлемге қатысты еңбегі құрмалас сөйлемдерді құрылымдық тұрғыдан басқаша түрлендіруге алып келді. Бұл, әрине, құрмалас сыңарларының жақты, жақсыз, атаулы құрылымдардан болатынын жоққа шығарған жоқ. Орайы келгенде, айта кетейік, бұлар Б.Сағындықұлы еңбегінде жан-жақты қарастырылған, мысалдық деректермен дәлелденген. Ал аралас құрмалас сөйлемнің ерікті құрылымды және тұрақты құрылымды деп тармақталуы зерттеудің жаңа сатысы еді. Сөйтсек, ерікті құрылым «Жеке сыңарларын өзара араластырып құрмаластыруда синтаксистік те, семантикалық та байланыстың бұзылмауынан болады» да, тұрақты құрылым «Сыңарларын алмастырып құрмаластыруға көнбейтін, белгілі бір байлаулылықтың нәтижесінде ғана түзілім құрайтын сөйлем» болады. Мұндай құрылымдау мағыналық қатынастың шешілуінің басты шарттарының бірі болды. Нәтижесінде, аралас сөйлемнің бірыңғай қатынасты және әрыңғай қатынасты топтары екшелді. Әрыңғай қатынастағы аралас сөйлем он алты типке топтастырылса, бірыңғай қатынастағы аралас сөйлем алты типпен анықталған. Бұларды әрі өлшемдік, әрі мысалдық дәлелдеулермен айқындайық [8, 153-165]:

1) Бірыңғай қатынастағы ыңғайлас мәнді аралас құрмалас. Компоненттерінің тиянақты тұлғасы болсын, тиянақсыз тұлғасы болсын мағына жағынан бір-біріне тәуелсіз болып келеді: *Біреулер жерге жай асып, біреулер арбаның үстіне отырып тамақтануға кіріскеніміз сол еді, қораның бұрышынан Қадірбек шыға келді* (Е.Мырзахметов).

2) Бірыңғай қатынастағы себеп мәнді аралас құрмалас сөйлем. Ішкі синтаксистік бөліктерінің арасындағы мағыналық қатынас себеп пен салдардың өзара тығыз қарым-қатынасынан болған құрылым: *Биыл қаладағы жұрт та қоңторғай, кеңсе үйі де жылымай, ұлықтар да тоңып отыр* (Қ.Жұмаділов).

3) Бірыңғай қатынастағы шарт мәнді аралас құрмалас сөйлем. Сыңарларының мағыналық қатынастары жағынан шарттық мәнде тұратын аралас құрмалас сөйлемнің мәні шартты салалас пен шартты сабақтастардан өзгешелігінде емес, сол екеуінің қасиеттерін жымдастыра білуінде. Мысалы: *Тіпті ол менен таяқ-ақ жесін дейін, сонда да Мұңлық екеуінің арасындағы байланысқа залалым тисе, не мұратқа жетпекпін* (А.Мекебаев).

4) Бірыңғай қатынастағы салыстырма мәнді аралас құрмалас сөйлем. Салыстырмалық мән екі сыңар жігінен де көрінеді: бірінші сыңарға екінші сыңар салыстырылып айтылса, екінші сыңарға үшінші предикативтілік бөлік осындай қатынаста тұрады: *Ол күшіне сенбеген*

осал біреу болса, ел-жұртынан шығандап саяқ жүре ме, Жұмаханның өзі де батыр тұлғалы, қамшыгер, қара сойыл, мықты кісі болатын (Қ.Жұмаділов).

5) Бірыңғай қатынастағы мезгіл мәнді аралас құрмалас сөйлем. Сыңарлар ұласуындағы әрекеттердің мезгілдік ауқымын (болатынын, болмайтынын) білдіретін құрылым. Мысалы: *Машина орнынан қозғала берді, Гүлзия жұмсақ дауыспен әнді бастағанда, Ұлбазар нәзік баяу үнмен ақырын ғана қосылды* (Н.Ғабдуллин).

6) Бірыңғай қатынастағы түсіндірме мәнді аралас құрмалас сөйлем. Бір ғана мағыналық қатынас бар, бастапқысы жалпы мәнде, соңғылары іс нәтижесінің қалай болғандығын, не болғандығын саралай түсіндіреді. Бұл қатынас үш құрамды сыңармен түгесіледі: *Олардың кереметі сол, соңынан мал иесі малымды қымбатқа бұлдап саттым деп қуанса, алушы су тегін арзанға түсірдім деп мәз болады* (Қ.Жұмаділов).

Қазіргі ағылшын тіліндегі қолданыстарда аталмыш сөйлем түрі баста назарда екендігін байқадық. Қолымызға тиген шағын мақалалық еңбек бұлардың қолданыс жиілігі жағынан екінші қатарда тұратындығын анықтапты. Әрине, мұндай проценттік шағым белгілі бір шығарма мүмкіндігіне сүйенілген. Мақала иесі ағылшын тілді еңбектерде осы сөйлемнің ерекшеліктерін айқындап жүрген Т.В.Парникова, К.И.Ракова, Дж.Хогг талдамдарына сүйене келіп, төмендегідей тұжырым жасайды: «Семантикалық маңыздылық тұрғысынан паратаксис пен гипотаксисті құрылым бар сөйлем құрамында тең емес семантикалық компоненттер біріктіріледі. Мұндай тұтастықтағы полипредикативті сөйлемдердің негізінде ең басты, маңызды сюжеттік деректерді тасымалдайтын ақпараттық ядролардан тұратын семантикалық түйін бар. Аталған кешенде бір ақпараттық ядро моноцентрлік құрылымға, екі ядро бицентрлік құрылымға, ал үш немесе одан да көп ядролар полицентрлік құрылымға сәйкес келеді (The study shows that, from the point of view of semantic significance, paratactic and hypotactic complexes in a polypredicative sentence with parataxis and hypotaxis of hypotaxis combine unequal semantic components. Polypredicative sentences as integral units are based on semantic nodes, which consist of informative cores carrying basic, meaningful plot data. In a paratactic complex, one information core corresponds to a monocentric structure, two cores correspond to a bicentric one, and three or more cores correspond to a polycentric one)» [9, 353]. З.М.Муртозаева терминдеуіндегі кең құрылымды бірліктің (гипотаксические устройство), біздіңше аралас сөйлем, мағыналық жігін ажыратуда басқа ішкі сөйлем кешендерінің ықпалы болатыны сөзсіз. Демек, ағылшын тілді құрылымдар да бұдан алшақ емес.

Тіл білімі ярустарын құрылымдағанда, қазақ тілшілері көп жағдайда орыс тіл білімін калькалайды, болмаса негізгі материал етеді. *Сложные предложения смешанный конструкции* деген термин мен оған бекітілген анықтаманың өзі аралас құрмалас жөніндегі қазақ тілі мамандарының бұл сөйлем түрін құраластың ерекше категориясы ретінде танымауының басты себебі ме дейміз. Орыс тіл біліміндегі аралас құрмалас сөйлем танымы осы саладағы жаңа зерттеулерге зәрулік барын байқатады. Мәселен, орыс ғалымдарының сөйлем типтерін жай, күрделенген және құрмалас деп бөлетіні баршамызға аян. Осындағы күрделенген сөйлем категориясы өзбек, қарақалпақ және қырғыз тіл мамандары тарапынан біршама нәтижеге жетті, ал қазақ тіл білімінде Қ.Есенов пайымдарымен тоқтап қалды. Аралас сөйлемге қатысты озық пікір көбіне түркі тілдерін зерттеуші ресейлік, сонымен қатар өзбек, қарақалпақ, қырғыз ғалымдары тарапынан болды десек артық айтқандық емес. Олардың еңбектеріне шолу жасау барысында аралас сөйлемдік құрылымдардың ол тілдерде молынан ұшырасатынын, күрделі ойды білдіретін бірден бір амал екендігін анықтадық. Демек, тіл дамуымен осындай күрделі құрылымдардың да дами беретіндігін, «аралықтан» қалыптасқан категорияға өтетіндігін қаперде ұстау абзал.

Құрмалас сөйлем синтаксисінің теориялық мәселелері турасында сөз қозғағанда, олардың даму жолдарына жан-жақты тоқталып өткен абзал. Ғұндардан, ортақ түркілік дәуірден бізге жеткен жазба ескерткіштеріндегі құрамалас сөйлем мысалдары, одан бергі кезеңдердегі құрамаластардың даму үрдісі жай сипатталып қоймай, қазіргі танымға сәйкес пікірлермен салыстыра берілсе игі. Осы тұрғыдан келгенде, А.Байтұрсынұлының тізбесіне сәйкес *аралас құрмалас сөйлем Қосылып бірнеше адам ортақтасып, Үй салып, ортасынан*

дүкен ашып, Саудасы жұғымды боп, байып әбден, Шат болып көңілдері судай тасып, Ақшаны төбедей ғып үйіп қойып, Үлесіп отыр еді шуылдасып, Үйі жанып барады деп хабар берді, Жүгіріп келіп біреу түсі қашып болып түзілер еді. Соңғы ізденіс аталған сөйлемді орамды сөйлем түрі қатарына жинақтады: «Мұнда екі сөйлемдік құрылым біте қайнасқан: біріншісі көп бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем де, екіншісі – амал бағыныңқылы сабақтас сөйлем (соңғы екі сыңар). Көп бағыныңқылы сабақтас үш сыңардан тұрған, ғалым оның «дәуірлеген беті «шуылдасып» деген сөзбен бітеді» деп айғақтайды. Оның үстіне басыңқы сыңар екіге жарылып, ортасына бағыныңқы боларлық сыңарды ішіне алған: Басыңқы сыңар – *Қосылып бірнеше адам ортақтасып, Үй салып, ортасынан дүкен ашып, ...Ақшаны төбедей ғып үйіп қойып, Үлесіп отыр еді шуылдасып* та, бағыныңқы сыңардың алғашқысы – *Саудасы жұғымды боп, байып әбден*; екіншісі – *Шат болып көңілдері судай тасып*. Сонда, мысал жалпы саны бес жай сөйлем боларлық құрылымнан тұратын болып шығады» [6, 121].

Бұл құрмалас түрлерін танудағы біз білетін үш бағыттың ішіндегі көптің қолдауына ие болған ғалым Н.Сауранбаев ұсынымындағы *мағыналық тиянақтылық пен тұлғалық тиянақсыздық* қағидатының қалыптасуы екені анық. Құрмалас түрлерін жіктеудегі қарама-қайшылықтар қазақ филологтары арасында 1950 жылдардың аяғына шейін жалғасты. Ол қарама-қайшылықтардың мәні олардың жалпы классификациялануын, оның ішінде оларды жіктеудегі бірде таза логикалық, бірде логика-грамматикалық тәсілдер қолданып, соңғы кезде таза грамматикалық (құрылымдық) ерекшеліктерін негізге алуында ма деп білеміз.

Жалпы алғанда, құрмалас сөйлемнің салаласа байланысқан түрін ажыратқан кезде көп қиындық кездесе қоймайды. Қ.Жұбановтың құрастыруындағы «Қазақ тілінің програмында» салаластың құрамындағы бірінші сөйлем баяндауыштары «еді» көмекші етістігі; шартты рай тұлғасы; көсемшенің –п форманты; да, және, тағы, сосын дәнекерлері; сол себепті, сондықтан, сүйтіп, бірақ, сонда да, сөйтсе де, я, әйтпесе, не болмаса, үйткені, неге десең сынды жалғаулықтар; осы, сол, бұл, есімдіктері арқылы жасалатынын атап көрсетілген. Бұдан Қ.Жұбанов салаластарды айыруға мағыналық (логикалық) принципті басшылыққа алып, сол ыңғайда бағыныңқы баяндауыштарының шартты рай мен көсемше тұлғалары арқылы жасалған сабақтастарды салаластарға жатқызған. Салаластарды логикалық тұрғыдан танитын көзқарастар С.Жиенбаевта да, Н.Т.Сауранбаевта да өріс алды. Ал қазақ тілі синтаксисі 1960 жылдан бергі уақытта тұлғалық тиянақтылықты негіз ететін болды.

Құрмалас сөйлемді жіктеудегі қарама-қайшылықтар қазақ тіл білімінде, негізінен, құрмаластың сабақтас түріне қатысты болып келеді. Түркітанудағы келіспеушіліктер де осы ыңғайда туындап жүр. Синтаксис мәселелері жөніндегі зерттеулерге зер салсақ, құрмалас сөйлем, әсіресе, оның сабақтас түріне байланысты еңбектер өте көп кездеседі. Тіл білімінде сабақтастардағыдай қарама-қарсы пікірлер сайысы көп кездесетін сала аз. Ғылымдағы қарама-қарсы ағымдардың түйісетін, ымыраға келетін тұстары да бар. Тілші-түркітанушылар арасында сабақтастарды тануға тұлғалық және мағыналық ерекшеліктерін негізге алатын екі пікір тобын ерекше атауға болады. Олар – тұлғалық және мағыналық (логикалық) бағыттар. Тұлғалық бағыттағылар бағыныңқының негізгі белгісі ретінде оның тек баяндауышының тұлғасына керек етеді. Егер баяндауышы бастауышымен қиысса, сөйлем ретінде танып, олай болмаса оларды тек үйірлі, жайылма, сөйлем тектес мүшелер деп таниды. Ал бағыныңқыны мағыналық жағынан танитындардың өлшемі тіркестің беретін мағынасынан шешіледі: орыс тіліне аударғанда бағыныңқы болатын болса, оның формасының қандай болғанына қарамастан, бағыныңқы сөйлем деп таниды. Бұдан шығатын қорытынды: бірінші топтағылар бағыныңқылардың көбін бұл топтан шығарып тастаса, екінші топтағылар анықтауыштық және предикаттық қатынастар арасына шек қоймайды, яғни тілдің өзіндік ерекшеліктерін (спецификасын) ескермейді.

Аталмыш категорияға қатысты қайшы пікірлер қазақ тіл білімінде де болмай қойған жоқ. Ондай қайшылықтардың туындауына ең басты себеп, тіліміздің алғашқы грамматикаларын жазушылар, негізінен миссионерлік бағытты ұстады. Соған орай тіліміздің ішкі заңдылықтарына жете мән берілмеді, тек ауыз әдебиеті материалдарына сүйеніп, тіліміздің ерекшеліктерін орыс тіліне аударылған мағынасымен түсіндірді. Ал әдеби тілдің – тілдің өмір

сүруінің ең жоғарғы формасы екенін ескерсек, ғалым Б.Момынова пікірінің айқындығы анықтала түседі. Себебі «Соңғы жылдардағы елдің саяси, тарихи, құқықтық өзгерістер ұлттық сана-сезім мен ғылыми ойлау жүйені жаңа сатыға көтерді. Қазақстан егемен, тәуелсіз мемлекет болды. Бұл тарихи даму баспалдақтарымен жүріп өту кезінде жазықсыз жазаланған көрнекті қазақ зиялыларының есімі мен еңбектерінің «ақталуы», совет идеологиясы жауып, жасырып келген мерзімді басылымдардың «ашылуы» үлкен рөл атқарды» [10, 8].

Орыс тіліндегі *придаточное предложение* мен қазақ тіліндегі *бағыныңқы* терминдерінің мағыналық сәйкестігі анық, балама ретінде жұмсалатыны даусыз. Бірақ бұлардың арасында елеулі айырмашылықтар да бар. Ғалым С.Жиенбаев осындай айырмашылықтардың бірі ретінде интонациялық ерекшелікті атаған болатын: «Орыс тілінің бағыныңқылары мен басыңқыларының арасында арнаулы пауза болады және дауыс та құбылып тұрады. Бағыныңқылардың барлығы да онда басыңқыға түрлі көмекші сөздер арқылы жалғасады (что, когда, который, т.б.). Ал біздің бағыныңқыларымыздың ішінде баяндауыштары шартты раймен келгендердің және есімшеге -мен қосымшасы жалғанғандарында ғана айрықша интонация болады да, онан басқаларының айтылуы жай мүшенің айтылуындай, жай мүше сияқты келесі мүшеге жанасып тұрады және араларында жалғаулық дәнекер болмайды» [7, 64]. Мысалы: *Поезд келгесін, билет сатыла бастады – Билет поезд келгесін сатыла бастады.* Шындығында екінші қолданыста, яғни бағыныңқы басыңқының алдына кіріккенде, дауыс кідірісі мүлдем білінбейді.

Құрмалас интонацияларын анықтау қазір де қажетті құрал. Мәселен Н.Сауранбаевтың құрмалас сөйлемдік мысалдарын эксперименттік талдауға салған А.Фазылжанова сөзінше, «Дикторлар жалғаулықты сөйлем компоненттері арасында жалғаулықсыздығымен салыстырғанда үлкен пауза жасаған. Бұның себебі қазақ тіліндегі құрмалас құрамындағы жалғаулықтардың әрдайым бірнеше интонация параметрлері арқылы ерекшеленіп, лексикалық мағынасы бар сөздер қатарында логикалық екпінмен айтыла алатындығында жатқан сияқты. Логикалық жақтан мәнді сөз синтагма басында тұрса (ал жалғаулық көбінесе екінші синтагма – құрмалас компоненті басында орналасады), онда өзінің алдындағы синтагмадан әдеттегіден үлкен паузамен бөлінетін жағдайлар көп кездеседі, өйткені айтушы маңызды сөзді күшті дауыспен беру үшін дем жинап алуға кідірістің керегі заңды. Ал жалғаулықтың барлық жағдайда интонация параметрлерінің үлкен мәндерімен берілуі тіліміздің орыс тілімен салыстырғандары өзіндік ерекшелігі болуы керек» [11, 102].

Құрмаластың сабақтас түрлеріндегі бағыныңқы сөйлемдердің басыңқыларынан бұрын орналасуы – түркі тілдерінің табиғатына тән құбылыс. Солай бола тұрса да, бағыныңқы компоненттердің басыңқысының ортасына кірігуі, басыңқысынан кейін келуі сияқты құбылыстар жиі кездесіп отырады. Бұндай құбылыстардың мәні 1) Жай сөйлемдерді жанаса байланысқан сөздердің айтылмақ ойдағы мәніне қарай баяндауышына бірде алшақ, бірде қатар орналасуы сияқты құбылыс: *Мен ауылдан кеше келдім – Кеше ауылдан мен келдім.* Бұл, көбіне, мезгіл бағыныңқы сабақтасқа тән құбылыс және мұнда сабақтастың бағыныңқысы басыңқының ортасына кірігеді; 2) Бағыныңқының басыңқы сөйлем соңынан орын ауысып келуі, басқаша айтқанда инверциялануы. Қ.Есеновтің байқауында мұндай түзілімдер сирек кездесетін құбылыс. Десек те көбіне халықтық поэзия, ішінара прозада, мәселен С.Мұқанов шығармаларынан орын алған, әрі шартты сабақтас құрмаластарға тән белгі болған іспетті. Қазақ тілінде, жалпы түрік тілдерінде де, құрмаластардың құрамындағы жай сөйлемдердің орын тәртібі туралы А.Н.Кононов, А.Ысқақов, Р.Сыздықова назар аударған болатын. Бірақ олар бағыныңқының басыңқыдан кейін келу жайын ғана айтқан-тын. Жалпы, бағыныңқының басыңқыға кірігуі, онан кейін тұруы сияқты тілдік құбылыстар арнайы зерттеуді керек ететін мәселе деп ойлаймыз. Мұндай құбылыстарды мысалға келтіргенде олардың мәнін ашу емес, бағыныңқының басыңқыға кірігуі ыңғайында интонациялық жіктің ары қарай әлсізденіп, тіпті білінбей кететінін білдіруді көздедік. Әйтпегенде құрмаластың қос түріне қатысты пайымдаулар аралас сөйлемнің жасақталуына алғы шарт болғаны сөзсіз. Алғашқы бастаулардағы С.Жиенбаев, Ғ.Бегалиев пікірлеріндегі бұл сөйлем түрінің жеке категория болмайды деген тұжырымдарынан бастап, оны құрмаластың үшінші түрі ретінде қарастыра

бастаған Т.Қордабаев, Х.Арғынов, Ш.Әуелбаев еңбектері мен құрмалас сөйлем мәселелеріне қатысты соңғы шыққан Т.Қордабаев, Қ.Есенов, Б.Сағындықұлы зерттеулері бұл құрылымдағы сөйлемде әрі сабақтастық, әрі салаластық үрдістің сақталғанын айқындады.

Құрмалас сөйлем жөнінде тіліміздің табиғатына сай ғылыми пікір айтушы, құрмаласқа қатысты терминдерді алғаш ұсынушы ретінде қазақ тіл білімінің көшбасшысы А.Байтұрсынұлын тұр. Ғалымның «Тіл – құралында» сөйлемдер арасында екі түрлі жақындық – ішкі мағына желісі жөніндегі жақындық пен – сыртқы қисын жақындығы *іргелес сөйлем* мен *құрмалас сөйлемнің* айқындалуына алып келген. Ғалым құрмалас сөйлемге кең ауқымды түсінікпен қарайды. Оның *сыйыса құрмаласу* мен *қиыса құрмаласуы* көп ізденушілерге терең ойтүрткі болды. Бұл жайтты жақын түсінген ізденуші ой-санасын мына тұжырым кеңейте түседі: «Адами қатысым ішкі-сыртқы экономикалық қатынастар әсерінен, саяси көзқарастардың сәйкестік-қайшылығынан болмаса күнделікті тұрмыс-тіршілік сұранысынан жоғары даму сатысына көтеріледі. Сөйлемнің жай түрінен күрделі түріне, күрделі түрінен орамды байланыстарға ауысады. А.Байтұрсынұлы айтқанындай, *Қарабай аңға шықты, Сарыбай аңға шықты* сынды алғашқы қарапайым қарым-қатынас *Қарабай мен Сарыбай аңға шықты* деген пайымдауды оңай қабылдайтын күйге жетеді. О бастағы екі жай сөйлемнің қосындысы арқылы ғана санаға ұялайтын түйсік олардың бірінің ішіне бірі кірістірілетіндей жағдайын өткереді. Дәл осы құбылысты ғалым «сыйысулы құрмалас» деп атапты» [6, 85]. Бұл ұлт ұстазының тұжырымын тарқата берген ғалым Б.Сағындықұлының пікірі. Осындағы іргелес сөйлем мәселесі мәнмәтін құзіретімен шешіледі. Ал сыйыса құрмаласудың қазіргі шеттілдік ұстанымда қолданылатынын тексеріп шыққанда, көзіміздің жеткені, олардағы термин алшақтығы болды. Ең алдымен, сыйыса құрмаласу терминіне сәйкес аталым кездеспеді. Ал орыс тіліндегі *слитное предложение* аудармасы ағылшын тілінде *сөйлемдерді біріктіру* (Sentence Combining) тіркесімімен үндеседі. Екінші жағынан, тетелес ғалымдар түсіндіруінде, оның ішінде Donald Dyker пікірінде, «Сөйлемді біріктіру – лингвистикалық Рубик текшесінің бір түрі. Бұл – әр адам түйсігі мен синтаксисі, семантикасы мен логикасы арқылы шешетін жұмбақ (Combining sentences is a kind of linguistic Rubik's cube. - A riddle that everyone solves with the help of intuition and syntax, semantics and logic)» [12, 185]. Сөйлемдік бірліктердің біріктірілуі не кіріктірілуі адам санасының жоғарғы қабілетінің көрінісі. Мұндай қарым-қатынастық шендесуді қазақ, орыс, ағылшын тілді дереккөздер де анықтайды. Демек, бұл тақырыпқа қатысты барлық мәселелер шешіліп бітті дегенді білдірмесе керек.

ҚОРЫТЫНДЫ

Тіл тіліміндегі орныққан тұжырымдарға сүйенсек, қалыптасқан және ғылыми тұжырыммен ұштасқан синтаксис салалары бекітіле түседі. Тіл тарихының қалыптасуы мен дамуы еуропа тіл білімі синтаксисінде *большое синтаксическое целое* (Адмони), қазақ тіл білімінде *орамды сөйлем* (Байтұрсынұлы) сынды бірліктердің болғанын айғақтайды. Орыс тіл білімінің ғалымы А.М.Пешковский мұндай бірлікті *сложное целое* деп атаған. Сол сияқты орамды сөйлемнен жоғары бірлікті өткен ғасырдың ішінде-ақ *слитное предложение* (Пешковский) немесе *присоединение предложений* (Реферовская) деп жинақтағандар болды. Қазақ тілі ғылымының негізінің қалануында (Байтұрсынұлы) бұлар *сыйысулы құрмалас* және *іргелес сөйлем* ретінде бекітілген-тін. Ал бүгінгі күнгі қазақ тіл біліміндегі ғылыми сұраныс орамды сөйлемнің түрі боларлық бірліктерді тиянақтап алған (Б.Сағындықұлы, К.Садирова). Және оларды мәтін синтаксисінің құрылымдық бірліктері ретінде көрсетеді.

Мақала мақсатының өзі 1) мәтін синтаксисінің ішкі бірліктерін анықтау еді. Жұмыс барысындағы тілдік құбылыстарды бақылаудан тұратын сипаттамалы-аналитикалық әдіс мәтін синтаксисінің оралымдық сипаты астарына аралас сөйлемді енгізіп, оның байланысу, құрылымдық және мағыналық ерекшеліктерін танытты. Алынған нәтижелерді интерпретациялау мен қажет мәліметтерді саралау әдістері негізінде 2) мәтін синтаксисінің іргелестік сипаты ашылды. Іргелестік сипат сыйысулы құрмалас пен іргелес сөйлемдерді тұрақтандыруды көздейді. Нәтижесінде, мәтін синтаксисі орамды сөйлем және оның түрлері

арқылы орнығады. Бұл деректік материал жинаудағы жаппай іріктеу әдісі негізінде анықталған тұжырым.

3) Тақырып осы мақала көлемімен шектеліп қалмайды. Айқындалған мәселелер теориялық тұрғыдан келешекте құрастырылатын «Қазақ грамматикасы» академиялық еңбегіне негізгі материал бола алады. Сонымен қатар жоғары мектеп тыңдаушыларына арнаулы курс ретінде оқытылуды көздейді. Басқа да ізденушілердің тың тұжырымдағы еңбектер түзуіне итермелейді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Пешковский А.М. Русский синтаксис в научном освещении. 8-ое издание. – М: Языки славянской культуры, 2001. – 545 с.
- 2 Реферовская Е.А. Синтаксис современного французского языка. 2-ое издание. – М.: Издательство ЛКИ, 2007. – 236 с.
- 3 Larsson T., Kaatari H. Syntactic complexity across registers: Investigating (in) formality in second-language writing // Journal of English for Academic Purposes. Vol. 45. 1-16 (2020)
- 4 Байтұрсынұлы А. Он екі томдық шығармалар жинағы. Төртінші том. Тіл - құрал. – Астана: «Алашорда» қоры, 2022. – 384 б.
- 5 Сағындықұлы Б. Қазақ тіліндегі орамды сөйлемдер. Кітапта: Ғылыми диалог: ғалым және ізденуші. Мақалалар жинағы. Жауапты редактор: Ерғалиев Қ. – Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2025. Б. – 83-87.
- 6 Сағындықұлы Б. Ғаламның қазақ сөйлем жүйесіндегі бейнесі (А.Байтұрсынұлы ұстанымдары бойынша). – Алматы: Арыс, 2024. – 200 б.
- 7 Боранбай Б. Қазақ тіл білімінің қалыптасуы мен дамуы [Электрондық жүктеме]. – 2013. – URL: <https://e-history.kz/upload/iblock/83a/83a94966a3e4ae7e59350d085e9a8dcc.pdf> (Қарастырылған уақыты 14.02.2025).
- 8 Сағындықұлы Б. Құрмалас сөйлем түрлерінің теориялық негіздері. – Павлодар: Торайғыров университеті, 2006. – 198 б.
- 9 Murtazoyeva Z.M. Linguistic features of hypotactic device formation // Modern Journal of Social Sciences and Humanities. ISSN: 2795-4846 Vol. 4. 351-354 (2022)
- 10 Момынова Б. «Қазақ» газеті (1913-1918): әліпби, емле ерекшеліктері және лексика-грамматикасы. – Алматы: Қазақ тілі, 2022. – 256 б.
- 11 Фазылжанова А. Сөз сазы және интонация (эксперименттік-фонетикалық зерттеу). – Алматы: Алматы-Болашақ, 2022. – 208 б.
- 12 Daiker D., Kerek A., Morenberg M. Sentence Combining: A Rhetorical Perspective [Electronic resource]. – 1985. – URL: https://books.google.ru/books?id=1NBZAAAAMAAJ&redir_esc=y (date of request 18.02.2025).

Материал 28.08.2025 баспаға түсті

Научный потенциал в синтаксисе: преемственность и современная тенденция (с обоснованием извилистого предложения)

Б.Е. Боранбай¹, Н.Х. Ахтаева², И.Б. Байсыдық³, Б. Молдағали³

¹Университет Коркут ата, Кызылорда, 120014, Республика Казахстан

²Университет Маргулан, Павлодар, 140012, Республика Казахстан

³Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, 050010, Казахстан

Статья обобщает теоретический аспект сложного структурированного предложения в современном казахском языке. Цель – опираясь на научные рассуждения, сформировать новое и позитивное мировоззрение в этом направлении. Методология

исследования также опирается на отечественные и мировые научные достижения. Данная тема дают возможность углубление к компетенции синтаксической парадигмы в казахском языке. В результате статьи формируется принцип об основных видах извилистых предложениях. Обосновываются связь в структуре этой предложений и новый взгляд на смысловую группировку, и критерий составно-структурных признаков. Результаты, полученные в ходе анализа-обобщения, приводят к тому, что сложные структурированные предложения в современном познании рассматривается по разному, но есть конкретные научные достижения.

Применение методов анализа, обобщения и сравнительного описания позволило выявить специфику смешанных конструкций, а также рассмотреть синтаксические связи на уровне текста в новом ракурсе. Полученные результаты способствуют углублению синтаксической парадигмы казахского языка и открывают перспективу для переосмысления сложных предложений в практическом плане. Научная ценность исследования заключается в его вкладе в развитие синтаксической теории казахского языка, тогда как практическая значимость определяется возможностью использования выводов в процессе преподавания синтаксиса в высшей школе и в исследованиях по текстовой лингвистике.

Ключевые слова: смешанное предложение, извилистое предложение, текст, синтаксическая связь, синтаксическое отношение, смысл предложения

Материал поступил в редакцию журнала 28.08.2025

Scientific potential in syntax: continuity and current trend (substantiating a multi-valued sentence)

B. Boranbai¹, N. Akhtaeva², I. Baissydyk³ B. Moldagali³

¹Kyzylorda University named after Korkyt ata. Kyzylorda, 120014, Kazakhstan

²Pavlodar pedagogical University named after Alkey Margulan. Pavlodar, 140012, Kazakhstan

³Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, 050010, Kazakhstan

The article summarizes the theoretical aspect of a complex structured sentence in the modern Kazakh language. The goal is to build a new and positive worldview in this area based on scientific reasoning. The research methodology is also based on Russian and international scientific achievements. This topic provides an opportunity to deepen the competence of the syntactic paradigm in the Kazakh language. As a result of the article, the principle of the main types of multi-valued sentences is formed. The connection in the structure of these sentences is substantiated, as well as a new look at semantic grouping, and the criterion of composite structural features. The results obtained during the generalization analysis lead to the fact that complex structured sentences are considered differently in modern cognition, but there are specific scientific achievements.

Methodologically, the research employs analysis, synthesis, and comparative description, which make it possible to highlight the specific features of mixed sentence constructions and to reinterpret the system of syntactic relations at the text level. The findings provide a fresh outlook on complex sentences within the framework of the syntactic paradigm of the Kazakh language. The value of the study lies in its contribution to the advancement of syntactic theory and in offering new insights into sentence organization. In practical terms, the results can be applied in higher education for teaching syntax and in research on text linguistics.

Key words: mixed sentence, multi-valued sentence, text, syntactic connection, syntactic relation, sentence meaning.

REFERENCES

1 Peshkovskii A.M. Russkii sintaksis v nauchnom osbooshenii. 8-ye izdanie [Russian syntax in scientific coverage. 8th edition] (Moscow, 2001).

- 2 Referovskaya E.A. Sintaksis sovremennogo frantsuzskogo yazyka. 2-ye izdanie [The syntax of modern French. 8th edition] (Moscow, 2007).
- 3 Larsson T., Kaatari H. Syntactic complexity across registers: Investigating (in) formality in second-language writing // Journal of English for Academic Purposes. Vol. 45. 1-16 (2020)
- 4 Baitursunuly A. On eki tomдық tsygarmalar jinagy. Tortintsi tom. Til – qural [Twelve-volume works. The fourth volume. The language is a tool] (Astana, 2022).
- 5 Sagyndyquly B. Qazaq tilindegi oramdy soilemder. Kitapta: Gylimi dialog: galym jane izdenutsi. Maqalalar jinagy. Jauapty redaktor: Yergaliev Q. [A long sentence in the Kazakh language. In the book: scientist and applicant. Collection of articles. Editor: Iergaliev G.] (Almaty, 2025).
- 6 Sagyndyquly B. Galamnyn qazaq soilem juiesindegi beinesi (A. Baitursunuly ustanymdary boiyntsa) [Portrait of the world in the syntax of the Kazakh language (according to the idea of A.Baitursynov)] (Almaty, 2024).
- 7 Boranbai B. Qazaq til biliminin qalyptasuy men damuy [Electronic resource]. – 2013. – URL: <https://e-history.kz/upload/iblock/83a/83a94966a3e4ae7e59350d085e9a8dcc.pdf> (date of request 14.02.2025).
- 8 Sagyndyquly B. Qurmalas soilem turlerinin teorialyq negizderi [The theoretical foundations of the types of complex sentences] (Pavlodar, 2006).
- 9 Murtazoyeva Z.M. Linguistic features of hypotactic device formation // Modern Journal of Social Sciences and Humanities. ISSN: 2795-4846 Vol. 4. 351-354 (2022)
- 10 Momynova B. «Qazaq» gazeti (1913-1918): alipbi, emle erekselikteri jane leksika-grammatikasy [Newspaper: «The Kazakh» (1913-1918): alphabet, spelling and lexico-grammatical features] (Almaty, 2022).
- 11 Fazyljanova A. Soz sazy jane intonatsia (eksperimentik-fonetikalyq zertteu) [Melody of words and intonation (experimental phonetic research)] (Almaty, 2022).
- 12 Daiker D., Kerek A., Morenberg M. Sentence Combining: A Rhetorical Perspective [Electronic resource]. – 1985. – URL: https://books.google.ru/books?id=1NBZAAAAMAAJ&redir_esc=y (date of request 18.02.2025).

Received: 28.08.2025

FTAMP16.21.33

DOI: [10.59102/kufil/2025/iss3pp45-58](https://doi.org/10.59102/kufil/2025/iss3pp45-58)

Л.Р. Қойшығұлова¹, Ж.Қ. Өмірбекова¹

¹Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, 010000, Қазақстан

ҚАЗАҚ ЭТНОМӘДЕНИЕТІНІҢ САНДЫҚ РЕПРЕЗЕНТАЦИЯСЫ

Мақала тілде сақталған сан компоненттерінің мәдени-семантикалық және концептілік мағыналарын, этникалық мәдениеттің сандық коды қызметінде жұмсалып ерекшелігін және сандық кодтың зерттелуіне тарихи шолу жасау мәселесіне арналады. Қазақ халқының өмір сүрген ортасына, аймағына, қоршаған табиғатына сай қалыптасып, тілде сақталған бірегей тарихи дамуы мен күнделікті өмір сүру ерекшеліктері, өмір сүру салты мен дәстүріне қатысты сандық кодты зерттеу заманауи антропоэлекттік парадигма аясында өзектелуде. Мақаламызда жадымызда сақталған киелі сандардың этномәдени жүйе коды қызметінде жұмсалудың зерделеуге, фразеология, идиоматика, реалий контекстіндегі сандық компоненттердің мәдени кодын ашуға, фольклор материалдары мен паремология негізінде санның концепт деңгейіндегі ұғымдық, образдық, құндылық және символикалық сипатын зерделеуге, этникалық мәдениеттің сандық кодын халықтық математика аспектісінде айқындауға негіз болатын этномәдениеттің сандық кодын жан-жақты ашуға ұсыныстар жасалады. Қазақ мемлекетінің бүгінгі таңдағы даму барысын